

2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 6С-17/1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 қаңтарда № 6322 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2018-2020 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2018 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4617153,2 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 655992,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 28718,6 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 61809,0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 3870633,6 мың теңге;

2) шығындар – 4635091,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 7153,3 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 10823,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 3669,7 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 25091,1 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 25091,1 мың теңге:

қарыздар түсімі – 10823,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 3669,7 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 17937,8 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 04.06.2018 № 6С-24/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.09.2018 № 6С-28/2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.11.2018 № 6С-29/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Аудандық бюджеттің кірісі келесі көздер есебінен бекітілсін:

1) салықтық түсімдер, соның ішінде:

жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

акциздер;

табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;

мемлекеттік баж;

2) салықтық емес түсімдер, соның ішінде:

мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

басқа да салықтық емес түсімдер;

3) негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, соның ішінде:

мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату;

жерді сату;

материалдық емес активтерді сату.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 06.11.2018 № 6С-29/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін 2747336,0 мың теңге сомасында субвенция қарастырылсын.

4. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте Макинск қаласының бюджетінен 12434,0 мың теңге сомасында бюджеттік алып қоюлардың қарастырылғаны ескерілсін.

5. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін 22643,0 мың теңге сомасындағы субвенциялар көлемі көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

Вознесенка ауылдық округі 12612,0 мың теңге;

Қараөзек ауылдық округі 10031,0 мың теңге.

6. 2018 жылға аудандық бюджетте 9285,0 мың теңге сомасында жергілікті атқарушы органның резерві қарастырылсын.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 04.06.2018 № 6С-24/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте жергілікті атқарушы органға аудандық бюджеттен берілетін 9901,0 мың теңге сомасындағы трансферттер көлемі көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

Айнакөл ауылдық округі	52,0 мың теңге;
Амангелді ауылдық округі	1176,0 мың теңге;
Даниловка ауылдық округі	954,0 мың теңге;
Ерголка ауылдық округі	1009,0 мың теңге;
Журавлевка ауылдық округі	2283,0 мың теңге;
Капитоновка ауылдық округі	1465,0 мың теңге;
Карамышевка ауылдық округі	972,0 мың теңге;
Никольск ауылдық округі	1152,0 мың теңге;
Новобратск ауылдық округі	838,0 мың теңге;

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 06.11.2018 № 6С-29/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте 1110863,6 мың теңге сомасындағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

1) облыстық бюджеттен дамытуға 273053,8 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер, соның ішінде:

73053,8 мың теңге коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

200000,0 мың теңге бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

2) республикалық бюджеттен 230970,2 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

15021,0 мың теңге еңбек нарығын дамытуға, соның ішінде: 10211,0 мың теңге ішінара еңбек ақыны субсидиялауға және жастар практикасына, 4810,0 мың теңге жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру;

275,0 мың теңге мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

1709,0 мың теңге үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін;

6380,0 мың теңге мүгедектерді арнайы гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге;

509,0 мың теңге ымдау тілі мамандарының қызметін көрсетуге;

572,0 мың теңге техникалық көмекші құралдарының (компенсаторлық) тізімін кеңейтуге;

9027,2 мың теңге халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге;

15001,0 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне;

8540,0 мың теңге тілдік курстарынан өткен мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

20214,0 мың теңге негізгі қызметкердің оқуға кеткен мерзіміне ауыстырған мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

60,0 мың теңге мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілерін және нұсқауларды орнатуға;

20532,0 мың теңге Ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдерге педагогикалық шеберлік біліктілігі үшін қосымша ақы төлеуге;

133130 мың теңге жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш, негізгі және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төленген сомаларын өтеуге;

3) облыстық бюджеттен 606839,6 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

14050,0 мың теңге білім беру объектілеріне мектеп автобустарын сатып алуға;

43000,0 мың теңге автомобиль жолдарын жөндеуге;

33459,7 мың теңге эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

519,0 мың теңге бруцеллезбен ауыратын санитариялық союға жіберілетін ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ малдың) құнын өтеуге;

11759,0 мың теңге қысқа мерзімдік кәсіби оқытуды іске асыруға;

467016,7 мың теңге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға;

1200,0 мың теңге мектептерге арналған оқулықтарды сатып алу және жеткізуге;

6128,7 мың теңге аудандық және қалалық мектептерді Wi-Fi желілерімен жабдықтауға;

1656,0 мың теңге "Денсаулық пен тіршілік дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу" бағдарламасын енгізуге;

20000,0 мың теңге сумен жабдықтау және су бұруын жөндеуге;

3080,0 мың теңге ірі қара малдың нодулярлы дерматитіне қарсы екпе жұмыстарын жүргізуге

4970,5 мың теңге қала құрылысы құжаттамасының әзірленуіне.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 06.11.2018 № 6С-29/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге аудандық бюджетте жоғары тұрған бюджетке қаражаттарды қайтару көзделгені ескерілсін, соның ішінде:

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу мерзімінің 2018 жылдан 2020 жылға көшіруімен;

міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлемелерді азайту.

10. 2018 жылға арналған аудандық бюджеттің түсіміне облыстық бюджеттен 10823,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер түсетіні ескерілсін.

11. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджетке 3669,7 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттерді өтеу көзделгені ескерілсін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 05.04.2018 № 6С-22/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың жалақыларымен және тарифтік ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар, облыстық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес белгіленсін.

13. 2018 жылға арналған аудандық бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

14. 2018-2020 жылдарға қаладағы, аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауылдық округтің аудандық бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5, 6, 7 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

15. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті 17-сессияның
төрағасы, аудандық
мәслихаттың хатшысы*

"КЕЛІСІЛДІ"

*Бұланды ауданы
әкімінің м.а.*

Ш.Құсайынов

Ә.Рақымжанов

22 желтоқсан 2017 жыл

2018 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 06.11.2018 № 6С-29/1 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сом мы ң теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы				
		Атауы		
1	2	3	4	5
		I. Кірістер		4617153,2
1		Салықтық түсімдер		655992,0
	01	Табыс салығы		15103,0
		2	Жеке табыс салығы	15103,0
	03	Әлеуметтік салық		307300,0
		1	Әлеуметтік салық	307300,0
	04	Меншікке салынатын салықтар		244531,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	215478,0
		3	Жер салығы	12734,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	15326,0
		5	Бірыңғай жер салығы	993,0
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар		84926,0
		2	Акциздер	3800,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	69583,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	11543,0
	08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		4132,0
		1	Мемлекеттік баж	4132,0
2		Салықтық емес түсімдер		28718,6
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		2339,6
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	194,0
		5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2140,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	5,6
	02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер		37,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	37,0

04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	170,0	
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	170,0	
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	26172,0	
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	26172,0	
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	61809,0	
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	11727,0	
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	11727,0	
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	50082,0	
	1	Жерді сату	50054,0	
	2	Материалдық емес активтерді сату	28,0	
4		Трансферттер түсімі	3870633,6	
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	12434,0	
	3	Аудандық мыңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	12434,0	
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3858199,6	
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3858199,6	
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сома	
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	4635091,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	282006,7
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	18409,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18409,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	116170,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	97216,4
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	18953,6
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	91605,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	91605,0
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	26937,5
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау бюджеттік атқару және коммуналдық	25950,0

		меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	893,5	
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	94,0	
492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	19052,2	
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19052,2	
493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	9833,0	
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9833,0	
02		Қорғаныс	4803,0	
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	4803,0	
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	4803,0	
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1178,0	
	492	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	1178,0	
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1178,0	
04		Білім беру	3037554,1	
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2837554,1	
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13682,0	
	003	Жалпы білім беру	2219980,1	
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	53738,0	
	006	Балаларға қосымша білім беру	73903,0	
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сома	
	Бағдарлама			
	Атауы			
1	2	3	4	5
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	115798,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	24371,0
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	23055,0
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	181,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	288826,0

	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	24020,0	
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	200000,0	
	024	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	200000,0	
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	180439,2	
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4119,0	
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	4119,0	
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	170095,2	
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29029,0	
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	45238,0	
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	15071,6	
	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	110,1	
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	27728,0	
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	481,3	
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	450,0	
	017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	14183,0	
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	26134,2	
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	7461,0	
	054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	4209,0	
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6105,0	
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	6105,0	
492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	120,0	
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сума	
	Бағдарлама			
	Атауы			
1	2	3	4	5
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру	120,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	595922,6

123	Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараты	481,0
014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	481,0
467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	84897,3
003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	74095,3
004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	10521,5
005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	280,5
492	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	510544,3
003	Организация сохранения государственного жилищного фонда	4527,6
011	Шағын қалаларды жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	349917,7
012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	52099,0
016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3000,0
018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1000,0
026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	100000,0
08	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	192886,0
455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	148531,0
001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6326,0
003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	89418,0
006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	44432,0
007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықының басқа да тілдерін дамыту	7155,0
032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1200,0
456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	25366,0
001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8745,0
002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8190,0
003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	8431,0
465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	15969,0
001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5489,0
006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3200,0
007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7280,0
Функционалдық топ		Сума
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
Бағдарлама		
Атауы		

1	2	3	4	5
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3020,0
		008	Спорт объектілерін дамыту	3020,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	81645,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5333,0
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	5333,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	17501,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17501,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	8497,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8497,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	50314,7
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12656,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	600,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	36539,7
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	519,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	21593,5
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9065,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9065,0
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	12528,5
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7558,0
		003	Аудан аумағы дамытудың кешенді схемаларын және ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	4970,5
12			Көлік және коммуникация	54193,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	54193,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	43240,0
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	9993,0
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	960,0
13			Басқалар	25885,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	16600,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	16600,0

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	9285,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	9285,0
Функционалдық топ				Сома
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Атауы	
1	2	3	4	5
14			Борышқа қызмет көрсету	5,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5,6
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	5,6
15			Трансферттер	156978,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	156978,6
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2457,8
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	121976,8
		038	Субвенциялар	22643,0
		051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	9901,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	7153,3
			Бюджеттік кредиттер	10823,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	10823,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	10823,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	10823,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	3669,7
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	3669,7
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3669,7
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3669,7
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-25091,1
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	7153,3
			Қарыздар түсімі	10823,0
7			Қарыздар түсімі	10823,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	10823,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	10823,0
			Қарыздарды өтеу	21607,5
16			Қарыздарды өтеу	21607,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	21607,5
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	3669,7
			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	17937,8
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	17937,8

01	Бюджет қаражаты қалдықтары	17937,8
1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	17937,8

Бұланды аудандық мәслихатының
2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 6С-17/1 шешіміне
2 қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.09.2018 № 6С-28/2 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты		Соманың теңге
Сыныбы		
Кіші сыныбы		
Атауы		
1	2 3 4	5
	I. Кірістер	3604181,7
1	Салықтық түсімдер	648996,0
01	Табыс салығы	1764,0
	2 Жеке табыс салығы	1764,0
03	Әлеуметтік салық	305756,0
	1 Әлеуметтік салық	305756,0
04	Меншікке салынатын салықтар	236576,0
	1 Мүлікке салынатын салықтар	220839,0
	3 Жер салығы	595,0
	4 Көлік құралдарына салынатын салық	12316,0
	5 Бірыңғай жер салығы	2826,0
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	93700,0
	2 Акциздер	4100,0
	3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	68500,0
	4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	21100,0
08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	11200,0
	1 Мемлекеттік баж	11200,0
2	Салықтық емес түсімдер	21447,0
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1560,0
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1560,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	19887,0
	1 Басқа да салықтық емес түсімдер	19887,0
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	48760,0

03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	48760,0
1	Жерді сату	48760,0
4	Трансферттер түсімі	2884978,7
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	17843,0
3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	17843,0
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2867135,7
2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2867135,7

Функционалдық топ				Сома
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	3604181,7
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	253692,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	17859,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17859,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	94789,0
